



**Негізгі мектеп математикасын оқыту барысында оқушылардың білім
алуға деген мотивациясы**

А.Б. Сайлаубаева, Магистрант

Сулейман Демирель Университеті

Андатпа:

Қазақстанның білім беру жүйесі бойынша оқушы 11 немесе 12 жыл мектепте оқиды. Соның ішіндегі ең маңызды және ұзақтығы бойынша негізгі мектеп дей айталамыз, өйткені негізгі мектеп- білім жүйесінің басты буыны болып табылады. Математика негізінен оқушылар үшін күрделі сабақтардың бірі болып табылады, сонымен қатар негізгі мектептің 7 сыныбында математика: алгебра және геометрия болып бөліне бастайды, яғни бұл оқушылардың математика сабағын оқудағы мотивациясын не түсіру, не жоғарталу факторы болу мүмкін. Сондықтан осы уақытта оқушыға мотивация бере алу өте маңызды. Бұл мақалада мотивация сөзі жайлы, мотивацияның туа бітетін немесе жандандыруға болатын қасиет пе, мотивацияның түрлері, мотивацияның оқу барысындағы рөлі, оқу барысында оқушыларды қалай ынталандыруға және ынтасын көтеруге болатыны жайлы айтылады.

Түйін сөздер: мотивация, математика, педагогика, негізгі мектеп.

Қазақстанның білім беру жүйесі бойынша оқушы 11 немесе 12 жыл мектепте оқиды. Соның ішіндегі ең маңызды және ұзақтығы бойынша негізгі мектеп дей айтамыз, өйткені негізгі мектеп- білім жүйесінің басты буыны болып табылады. Галилео Галилей «Әлем математика тілімен бейнеленген» және Карл Фридрих Гаусс «Арифметика математиканың, ал математика ғылымдардың патшасы» демекші, математика- барлық кезеңдердің негізі пәні болып табылатыны бәрімізге мәлім. Математика негізінен оқушылар үшін күрделі сабақтардың бірі болып табылады, сонымен қатар негізгі мектептің 7 сыныбында математика: алгебра және геометрия болып бөліне бастайды, яғни бұл оқушылардың математика сабағын оқудағы мотивациясын не түсіру, не жоғарталу факторы болу мүмкін. Алдымен мотивация дегеніміз не соны қарастырып көрейік [1].

Мотивация – сөзі қазақ тіліндегі "ниет", "түрткі", "кірісу", "жігерлену", "ынталану" сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен гуманитарлық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым. Сонымен қатар мотивация- іс-әрекетке ынталандыру, адамның мінез-құлқын бақылайтын, оның бағытын, ұйымдастырылуын, белсенділігі мен тұрақтылығын белгілейтін психофизиологиялық процесс. Бұл ұғымды алғаш рет немістің иррационалды волюнтаризм философы А. Шопенгауэр өзінің философиялық шығармасында жеткілікті төрт негіздің бірі ретінде қарастырған. Moveo латынша сөз болып, "қозғалу, әрекет ету" мағынасын береді, демек motivation сөзбе сөз мағынада "қозғалту, әрекетке келтіру" мағынасын береді.


Бірақ қазіргі заман мәдениетінде ол тіке мағынасында емес, көбіне көп ауыспалы, жетілдірілген, түрлендірілген мағынада қолданылады.

Мотивация - психология ғылымы бойынша адамға әрекет ету жоспарын құрғызған, іс бастатқызған, мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, істі табанды жалғастырып, мақсатқа жетуге құлшындырған ішкі ынталылықтың ықпалдылығы. Ол мақсатқа деген күшті аңсар, ішкі өздік кедергілер мен келіссіздіктерді жою, саналы да, жігерлі қозғалыс- үштігінің бірлігінен көрінеді. Мотивацияны әрекетіміздің, ниетіміздің, қалауымыздың себепті ішкі түрткісі депте атасақ қате болмайды. Бұл сөз зат есім болғанда «Ниет түрткісі» сөзіне, етістік болғанда «Жігерлену» сөзіне жақын келеді. Жігерлену арқылы ниеті шабыттанып, іске кірісуге қозғау салынған адам бір түрлі бұлқынған ішкі қозғаушы күшке ие болады, өзінің көздеген мақсатына қарай кедергілерден тайсалмай белсенді жүру жігері кеудесін кернейді. Бұл барыста ниет шамасында өзгерістер болуы мүмкін, ол кейде күшейюі, кейде әлсіреуі мүмкін. Бірақ ниет шамасының қалай болуына қарамастан адамдар белгілі бір ниеттену тұрақтылығын сақтай алса, көңілінде сол іске деген құштарлығын өшірмей, сол мақсатқа қарай белсенді құлшынып, көздеген мақсатына жетпей тынбайтын болады. Мотивациялық ниет істің ішкі қозғаушы күші болғандықтан, егер адамның қандай ниеті барын білсең, онда оның әрекетінің ауқымы мен беталысын анық шамалай аласың.

Адам санасын танудың қазіргі жаңа беталысына орай, мотивация адам қажетсінуінің адамды сыртқа бағыттауы, ал қажетсіну мотивацияның ішке (тоюға, ләззаттануға, рахаттануға, қуануға) бағыттауы. Былайша айтқанда, адам жаны сыртқы мақсатқа бағытталса мотивация, ішкі толықтауға (аштық секілді талапқа) бағытталса қажетсіну болмақ.

Педагогикадағы мотивация дегеніміз бұл студенттерді танымдық іс-әрекетке, білім беру мазмұнын белсенді дамытуға ынталандыру процестері, әдістері, құралдары болып

табылады. Студентпен кез-келген педагогикалық қарым-қатынас оның мотивациясының ерекшеліктерін ескере отырып тиімді болады. Оқу іс-әрекетінің тиімділігі әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық факторларға байланысты. Оқу іс-әрекетінің табыстылығына мотивацияның күші мен құрылымы да әсер етеді. Йеркса-Додсонның заңы бойынша, оқу іс-әрекетінің тиімділігі мотивацияның күшіне тікелей байланысты [2].



Ғалымдардың зерттеуі бойынша мотивацияның туындауына байланысты мотивация туа біткен және қалыптастырушы болып бөлінеді. Ол алдымен адамның генетикасына, өмір сүру ортасына және материалдық, эмоциональдық, физикалық жағдайына байланысты болады. Сонымен қатар мотивацияның негізгі төрт түрі бар [3]:

1. Сыртқы мотивация (экстенсивті) - белгілі бір іс-әрекетке немесе адамға қызығып алынатын мотивация. Яғни бұл қалыптастырушы мотивация болып табылады. Сыртқы

мотивацияда адамдар мотивацияны өздерінен емес, басқа адамдардан, жағдайлардан, заттардан, сыртқы факторлерден алады.

2. Ішкі мотивация (интрузивтік) - сыртқы жағдайларға байланысты емес, тек іштен шығатын мотивация. Бұл туа біткен мотивация түрі болып табылады. Ішкі мотивация сыртқы мотивацияға қарағанда ұзақ жұмыс жасайды [4].

3. Оң мотивация- позитивті ынталандыруға негізделген мотивация оң деп аталады. Мысалы «мен қазір сабаққа дайындалсам, ертен емтиханнан жоғарғы баға аламын».

4. Теріс мотивация- негативті ынталандыруға негізделген мотивация теріс деп аталады. Мысалы «егер мен көп сұрақ қойсам, мұғалім мені жек көріа кетеді» [5].

Мотивацияны жоғарлатудың түрлері көп, соның ішінде ғалымдардың зерттеуінше ең тиімділері:

1. Әлемді мотивациялық заттармен толтырыңыз.

2. Айналаңызда жағымды атмосфера жасаңыз, яғни теріс мотивацияны оң мотивацияға ауыстыруға тырысыңыз.

3. Күнделікті шабыт.

4. Дұрыс тамақтаныңыз және әдемі, стильді киініңіз.

5. Нейролингвистикалық бағдарламалауды қолданыңыз.

6. Қорықпаныз және жасай алатыныңызға сеніңіз.

Көп оқушылар кішкентайынан математика сабағын қызығып оқиды, бірақ уақыт өте келе ол қызығушылық төмендеп, ойларына «бұл тым күрделі сабақ, мен оны түсіне алмаймын» деген ойлар келе бастайды. Бұның себептерінің бірі сабақ тақырыбының маңыздылығын түсінбегендігі, материалдың күрделене түсуі, есептерді шығарудағы қиындықтар, сабақтың тек лекция түрінде өтуі. Оқушылардың білім деңгейі көтерілу

үшін, математикаға деген қызығушылығы жоғары болу керек. Осы уақытта мұғалім оқушыға мотивация беру керек. Мотивация берудің әр түрлі жолы бар және ол әр оқушыға байланысты өзгеріп тұрады. Мысалы, математика дегеніміз біздің өмір, математиканың әр тақырыбы ғаламшармен, күнделікті қозғалыспен, әр күн қолданатын іс-қимылдарымызбен тығыз байланысты. Осылардың бәрін қолдана отырып, оқушыға әр тақырыптың алдында үйренетін білімімізді қайда қолдануға, күнделікті өмірмен қандай байланысы бар екенін, қайдан көрініс табатынын түсіндіру қажет [6][7].

Сыныптар жоғарлаған сайын көбіне сабақ оқуға деген мотивация түседі, сондықтан сол жас ерекшелікке байланысты тәсілдер қолдану қажет. 9-12 сынып оқушыларын, жаңа технологиялар арқылы қызықтыруға болады. Сабақ барысында қызықты видеолармен, әр түрлі математикалық программалармен сабақ өткен жөн болар, сонда оқушы алдында тұрған функцияның пішінін көре алады. Онлайн ойындар қолдану оқушылардың түсінгенін анықтап қана қоймай, сабақты қызықты өткізуге көмек береді, ең бастысы оқушының математика сабағын оқуға деген мотивациясын жоғарлатады. Тағы керемет методтардың бірі, ол- геометрия сабағын доп арқылы, яғни волейбол, баскетбол ойындары арқылы түсіндіру. Бұл оқушының сабаққа деген мотивациясын көтеріп қана қоймай, оны жақсы түсінуге, маториканы дамытуға көмектеседі [8].

Мен оқушылардың мотивациясын арттырудағы сабақтарымда қолданатын әдіс түрлері:

1. Студенттердің өмірлік тәжірибесін пайдалану - бұл әдіс оқытушыға студенттерге таныс жағдайларды талқылауды қамтиды, егер олар ұсынылған материалды зерттеген жағдайда ғана түсінуге болады. Жағдай шын мәнінде өмірлік және түсінуге оңай болу керек.

2. Көңілді және шығармашылық тапсырмаларды қолдану.

3. Сабақтарда интерактивті компьютерді және жаңа технологияларды жиі қолдануға тырысу. Презентацияларды қолдану көрнекілікті, анықтамаларды, формулаларды, теоремаларды және олардың дәлелдерін көрнекі түрде көрсетуді, геометриялық есептерге арналған сапалы суреттерді, ғылыми фактілерді саналы игерудің негізі ретінде қозғалмалы визуалды бейнелерді ұсынуды студенттердің жаңа білім мен дағдыларды тиімді меңгеруін қамтамасыз етеді.

4. Математикалық трюктерді көрсетіңіз.

5. Тақырыпты білудің артықшылықтарын көрсетіңіз.

6. Студенттермен қызықты математикалық фактілерді талқылаңыз: студенттерді ынталандырудың ең тиімді әдістерінің бірі - олардан қызықты математикалық фактілер туралы өз пікірлерін айтуды сұрау.

Баға қою процессі де мотивацияны көтеруге немесе жоғарлатуға үлкен ықпал етеді. Бұл жағдайда оқушымен жеке жұмыс жасау өте маңызды, өйткені бір оқушыға баға көтеру немесе төмендету мотивация болса, басқа бір оқушыға баға емес, өміріне қаншалықты қолданатыны маңызды болуы мүмкін.

Сонымен қатар айта кететін тағы бір жайт бар, ол- оқушыларда мотивацияны пайда қылып және арттырғаннан кейін ары қарай дамыту процессі болу керек, өйткені оқушы мотивация алғаннан кейін дамытпаса, ол мотивация көпке дейін созылмайды [9].

Оқушылардың мотивациясын дамыту бойынша жұмыс жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

1. Математиканы оқуға деген жалпы көзқарасты анықтау, оқушыны оқуға итермелейтін нәрсенің мәнін анықтау үшін әр оқушының оқу мотивациясының деңгейін анықтау. Анықтағаннан кейін сол бағытта әрекет жасау.

2. Келесі факторларды ескере отырып, әр оқушы үшін оқу мотивациясының дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау:

-оқушының жетістіктеріне және оның оқу мотивациясының даму аймағына, яғни студент не біледі, қалай оқи алады, оқуға деген қабілеті, оны қалай орната алады және мақсаттарды іске асырады;

-әр оқушының сенуге болатын позитивті ынталандыру деңгейінің бар екендігіне және болашақта оның дамуына мүмкіндік беретін мұғалімнің оптимистік ұстанымы.

3. Математиканы оқуда оқушылардың оқу мотивациясының дамуына ықпал ететін факторларды қолдана отырып, әр оқушының оқуға деген мотивациясын дамыту үшін психологиялық, педагогикалық және ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау.

4. Оқу сабақтарының жүйесі, әр сабақ, математика сабағының жеке кезеңдері, материал бөліктері (теорема, тапсырма, анықтау, алгоритм, ереже) арқылы оқушының ынтасын дамытуды ескере отырып, оқу процесін жоспарлау.

5. Мұғалімнің мотивацияны дамытудағы жұмысының тиімділігін бағалау және талдау, нәтижелер туралы мәліметтер мен қорытындылар негізінде әрі қарайғы жұмыстарды жоспарлау [10].

Математика пәні мұғалімдері қазіргі уақытта оқушыларда білімге деген қандай көзқарас бар екенін түсінулері және зерттеулері керек. Зерттеу нәтижесінен кейін әр оқушымен жеке сөйлесіп, қандай мотивация түрін қолдануға болатынын анықтау қажет.

Осы мәліметтер негізінде мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу процесінің тиімділігін арттыра алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Артур Шопенгауэр, (1819). Әлем ерік және ұсыныс ретінде. *Die Welt als Wille und Vorstellung*.

Эркес Р., Додсон Дж. Д.,(1908). Дамыту күшінің әдеттің пайда болу жылдамдығына қатынасы . *Салыстырмалы неврология және психология журналы*.

Клочков А.К., (2010). КРІ және қызметкерлерді ынталандыру. Эксмо, *Тәжірибелік құралдардың толық жинағы*.

Бабанский Ю.К, (2012). Педагогикалық зерттеулердің тиімділігін арттыру мәселелері: дидактикалық аспект. *Педагогика, 55*.

Додонов Б.И., (1984). Белсенділік мотивтерінің құрылымы мен динамикасы. *Психология мәселелері № 4,126–130*.

Галилей, Г. (1968). Сөйлесулер және екі жаңа ғылымның математикалық дәлелдері.

Шилова З. В., (2014). Математика сабақтарында оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру және ынталандыру. *«Тұжырымдама» ғылыми-әдістемелік электронды журналы*.

Дяченко С.И. Математикалық емес мамандықтардағы студенттерінің математиканы оқыту мотивациясы.

Федорова Л.Н. Жоғары сынып оқушыларында математиканы оқуға деген ынтаның даму ерекшеліктері.

Беланенко Р. А. Оқу мотивациясы.